

ҚАЗІРГІ ТАҢДА ИРАН БАҒЫТЫНЫҢ ӘЛЕУЕТІН НЕБӘРІ 19 ПАЙЫЗ КӨЛЕМІНДЕ ҒАНА ПАЙДАЛАНЫП ОТЫРМЫЗ. АТАЛҒАН БАҒДАРДЫ ПАЙДАЛАНУҒА МҮМКІНДІК МОЛ. БҰЛ БІЗДІҢ ПАРСЫ ШЫҒАНАҒЫНА ШЫҒУЫМЫЗҒА ЖОЛ АШЫП, ОДАН ӘРІ ҮНДІСТАНҒА, АШЫҚ ТЕҢІЗ ЖОЛДАРЫМЕН ЕУРОПА НАРЫҒЫНА ӨТУГЕ БОЛАДЫ



Қасым ТІЛЕПОВ,
ҚР ИИДМ Көлік комитеті төрағасының міндетін атқарушы



№54 (2769)
19/07/2022

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

Жексенбі күні «Жолаушылар тасымалы» АҚ қарасты Тальго вагондарынан жасақталған «Нұр-Сұлтан-Нұрлы жол-Алматы-2» бағытындағы №204/203 коммерциялық жолаушылар пойызы жолға шықты.



ЖОЛАУШЫ ТАСЫМАЛЫ ЖАҢА ПОЙЫЗБЕН ТОЛЫҚТЫ

Сұлугүл БАКЕСОВА,
Нұр-Сұлтан

Пойыз Нұр-Сұлтан-Нұрлы жол станциясынан 17 шілдеден бастап тақ күндері жөнелтілетін болса, Алматы-2 станциясынан 18 шілдеден бастап жұп күндері жүретін болады. Коммерциялық пойыз отандық «Тұлпар» зауыты өндірісінен шыққан су жаңа 26 вагонмен жасақталған. Оның ішінде 17 вагон немесе 306 жатын орындар туристік кластағы вагондар болса, 216 орындық 6 вагон отырып баруға арналған. Екі адамдық бизнес дәрежесіндегі 24 орынға есептелген 2 вагон және бірінші дәрежелі жатын орынды купеде мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған 1 орын бар. Сонымен қатар бір-бірден вагон-бар, вагон-мейрамхана және жүк-бағаж вагондары бар.

Бұл пойыздың вагондары бұрынғы испандық вагондарға қарағанда кең, яғни ені 3200 мм, ал биіктігі 3524 мм. Ішкі құрылымы мен интерьері

де қауіпсіздікті, жолаушылардың жүріп-тұруына қолайлы жағдайларды, қызмет көрсететін персоналдың жұмыс істеу және демалу мүмкіндігін, қол жүгін ыңғайлы және қауіпсіз орналастыруды қамтамасыз етеді. Туристік және бизнес-класс вагондары жолсерікті шақыру түймесі, дыбыс деңгейін реттейтін дауыс зорайтқыш, 220 В электр розеткасымен және мультимедиялық порталмен жабдықталған. Порталда жолаушылар фильмдер тамашалап, ал балалар мультфильм, ойындар көре алады. Барлық вагондарда желдеткіш, биотуалеттер бар. Мүгедектерге арналған купесі бар бірінші класты жатын вагондары душ кабинасы санитарлық тораппен, тұрақты және тасымалданатын сатымен, жиналмалы үстелмен, температураны жеке бақылауға арналған құрылғымен, төмен платформаларға шығуға арналған лифспен жабдықталған. Нұр-Сұлтаннан аттанып бара жатқан пойызда жолаушыларға 28 жолсерік қызмет көрсетеді. Пойыздың жол



үстіндегі жүру уақыты 15 сағатты құрайды, – деді «Жолаушылар тасымалы» АҚ бас директоры Жәнібек Тайжанов.

Ұлттық тасымалдаушы жолаушылардан жол жүру құжаттарын, яғни билеттерді BILET.RAILWAYS.KZ сайты немесе «ҚТЖ билеттері» мобильді қосымшасы арқылы онлайн ресімдеуге кеңес береді. Вагонда орын болмаған

жағдайда теміржол билеттерін сатып алу үшін «Құту парағы» функционалын пайдаланған абзал. Сондай-ақ, әртүрлі сұрақ туындаған жағдайда 1433 нөміріне немесе https://www.instagram.com/jolaushylar_tasymaly/ Instagram әлеуметтік желісі арқылы хабарласуға болады.

Суреттерді түсірген Александр ЖАБЧУК

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ:

АҒЫМДАҒЫ ЖЫЛЫ
«ҚАЛА МАҢЫНДАҒЫ
ТАСЫМАЛ» ФИЛИАЛЫ

6

ВАГОН САТЫП АЛУДЫ
ЖОСПАРЛАП ОТЫР

АҚТАУ ТЕҢІЗ САУДА
ПОРТЫНЫҢ ЖҮК
ӨТКІЗУ ҚАБІЛЕТІ

21 млн
тоннаны

ҚҰРАЙДЫ

БИЫЛ АҚМОЛА
БӨЛІМШЕСІНДЕ

63,4 км

ЖОЛҒА КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУ
ЖҮРГІЗІЛЕДІ

Сотрудничество РЕШАТЬ ЗАДАЧИ СООБЩА

При партии AMANAT планируется создание Комитета транспорта и логистики. Такое решение принято во время встречи руководителя СТК «KAZLOGISTICS» Ерлана Абсатова с секретарем партии AMANAT Эльдаром Жумагазиевым.

Любовь РОВБА,
Нұр-Сұлтан

Переговоры состоялись в центральном аппарате партии AMANAT.

Генеральный директор Союза транспортников Казахстана Ерлан Абсатов и Эльдар Жумагазиев обсудили вопросы развития транспортно-транзитного потенциала Казахстана и текущие задачи отрасли.

Кроме того, достигнуто взаимопонимание и принято решение о создании при партии AMANAT Комитета транспорта и логистики.

Ожидается, что на площадке комитета на постоянной основе будут обсуждаться проблемы транспортной отрасли с участием заинтересованных государственных органов,



экспертного сообщества, представителей региональных предприятий и предпринимательства. Сторонам необходимо провести организационное заседание, в ходе которого будут утверждены его состав и положение.



Ерлан ЖИМАЙЛОВ,

и.о. заместителя генерального директора
АО «Пассажирские перевозки»:



**ОРГАНИЗАЦИЯ ПРОДАЖИ
ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНЫХ БИЛЕТОВ И ПОВЫШЕНИЕ ДОЛИ
ОНЛАЙН-ПРОДАЖ ЯВЛЯЕТСЯ
ОДНИМ ИЗ НАПРАВЛЕНИЙ
ДЕЯТЕЛЬНОСТИ НАЦИОНАЛЬНОГО
ПЕРЕВОЗЧИКА. БЛАГОДАРЯ ВНЕДРЕНИЮ СИСТЕМЫ ЭЛЕКТРОННОГО
БИЛЕТИРОВАНИЯ ДОЛЯ
ОНЛАЙН-ПРОДАЖ ВЫРОСЛА С
17% В 2014-2015 ГОДАХ ДО 70% В
НАСТОЯЩЕЕ ВРЕМЯ**



ДИНАМИЧНЫЙ РОСТ



За первое полугодие 2022 года железнодорожным транспортом перевезено около 127 миллионов тонн грузов.

Так, объем перевозки грузов на сети АО «НК «ҚТЖ» вырос на миллион тонн по сравнению с аналогичным периодом прошлого года и составил 126,9 миллиона тонн. Внутреспубликанские перевозки увеличились на 3,1% – до 83,7 миллиона тонн. На экспорт отправлено 43,2 миллиона тонн груза.

За шесть месяцев перевезено 54 миллиона тонн каменного угля, что на 4,8% выше уровня минувшего года. Из них внутри страны – 36,8 миллиона. Экспорт твердого топлива вырос на 14%.

По итогам января-июня текущего года объем железнодорожных перевозок казахстанского зерна составил 4,5 миллиона тонн. Из указанного объема 3,5 миллиона – на экспорт.

Кроме того, за первое полугодие перевезено два миллиона тонн химических удобрений, что на 8,8% превышает показатель первых шести месяцев прошлого года. Погрузка железных и марганцевых руд составила 10,7, цветной руды – 11, строительных грузов – 7 миллионов тонн.

Айлин БАУРЖАН

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КРУИЗ АШЫЛАДЫ



Каспийдегі халықаралық круиз келесі жылы іске қосылуы мүмкін. Қазақстан-Түркіменстан-Иран-Әзірбайжан-Ресей мемлекеттерінің арасын жалғайтын шеңберлі круиздік маршрут құрылатыны туралы ҚР Көлік комитеті төрағасының міндетін атқарушы Қасым Тілепов мәлімдеген еді.

Каспий айдынында круиздік туризмді дамыту бағытында шектесіп жатқан 5 мемлекет өз тарапынан тиісті жұмыстарды атқарып, негізгі мәселелерді шешіп жатыр. Мысалы, біз жақтан Ақтау қаласының қалай түрленгенін көріп отырсыздар. Жағалау абаттандырылып, қонақүйлер бой көтерді. Маңғыстау облысының, Ақтау қаласының туризм саласындағы әлеуеті зор. Біздің ендігі күтіп отырғанымыз – круиз лайнері. Оны Ресей тарапы Астраханьда салып жатыр. Келесі жылы салынып болатын болар, – деді комитет өкілі.

Сондай-ақ, ол аталған круиз лайнерінің қандай маршрутпен қатынаытын айтты. Маршрут Астраханнан бастап Ақтауға, Ақтаудан Түркіменстанның «Аваза» демалыс базасына, одан әрі қарай Иранның Намирабадына, Намирабадан Бау мен Махачкалаға қатынайды. Осылайша болашақта 5 мемлекетті аралайтын шеңберлі туристік маршрут болады», – деді Қасым Тілепов.

Ұлан ОРАЗ

К сведению

НОВШЕСТВА НА САЙТЕ

На сайте газеты «Қазақстан теміржолшысы» rail-news.kz появился ряд новшеств, полезных для железнодорожников и обычных пользователей.

На портале запущена новая рубрика «Вопрос – ответ», в которой каждый сотрудник АО «НК «ҚТЖ» может задать интересующие вопросы, касающиеся заработной платы, охраны труда, этического поведения и т. д. Отвечать на запросы будут специалисты национальной компании.

Кроме того, появилась возможность совершить виртуальную экскурсию по крупнейшему Музею истории железнодорожного транспорта РК. Посетить его можно в любое время суток совершенно бесплатно. Среди экспонатов – макеты станций и локомотивов, исторические документы, фотографии, награды и личные вещи железнодорожников прошлого столетия.

ҚОРАЙЛЫДА КӨПІР САЛЫНАДЫ



Халық тығыз орналасқан станцияға аспалы көпір ауадай қажет. Ақтөбенің Қорайлы станциясында жаяу жүргіншілерге арналған көпір салу ұсынысы жергілікті биліктен қолдау тапты.

Ардақ ЕРУБАЕВА,
Ақтөбе

Батыс аймақтық магистральдық желі бөлімшесінің мамандары жергілікті билікке Қорайлы станциясына аспалы көпір салу қажеттігі туралы бірнеше жылдан бері айтып келеді. Теміржол бойында арнайы өткелдің болмауынан тұрғындар балабақшаға, мектепке, ауруханаға, дүкендерге, дәріханаларға бару үшін темір жолды кесіп өтеді. Тоқтап тұрған вагон астынан өту жағдайлары да тіркелген.

«Ақтөбе теміржолының аумағында қауіпсіздікті

күшейтуге және пойыз қозғалысына кедергі келтірмес үшін тағы бірнеше көпір керек. Көлік қатынасы қалың Жылгородок ауданы мен Алға станциясының 1832 шақырымы мен Ақтөбе ауданының 1024 шақырымына, Жазық станциясының 130 шақырымына автокөлік көпірі керек. Ал, пойыздарды шұғыл тоқтату жағдайы жиі тіркелетін Жіңішке және Ақтөбе-1, Ақтөбе-2 өткелдеріне жолаушылар көпірін салу мәселесі сұранып тұр», – дейді «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ Ақтөбе магистральдық желі филиалының бас инженері Сәндібек Аманбаев.

Көлігі қалаық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің




басшысы биыл жобалық-сметалық құжаттама әзірлеу қолға алынатынын хабарлады. Ал көпір құрылысы келесі жылы басталады.

Желілік полиция бөлімінің мәліметінше, жыл басынан бері Ақтөбенің үш тұрғыны темір жолды кесіп өту кезінде қаза тапқан. Сондай-ақ, тәртіп сақшылары пойыздарды авариялық тежеу бойынша 34 оқиғаны тіркеді. Теміржол бойында қауіпсіздік ережесін сақтамаған 700 адам әкімшілік жауапкершілікке тартылған.

Суретті түсірген автор

ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ ПОЙЫЗЫ ТАРТЫЛДЫ

Сабырхан СЕЙЛБЕКҰЛЫ,
Майлытоғай



ЖОЛ ЖӨНДЕУ

Майлытоғай бекетінде бағыттамалық бұрма ауыстырылды. Жұмысқа Қызылорда қалпына келтіру пойызының ауыр техникасын пайдалану тиімді әрі үнемді іс болды.



Алты сағаттық толаскезде жедел іске кіріскен жұмысшылар станцияның екінші жолындағы ескі бұрманы ЕДК-300/2 көтергіш кранымен алып, бұрма төселетін орынды тегістеді. Жер төсемі әзір болғанда жаңа Р-65 маркалы отандық рельстерге темірбетонды шпал бекітілген бағыттамалық бұрмалар тағы да сол көтергіш кранның көмегімен төселді.

– Біздің Қалына келтіру пойызына сеніп тапсырылған бағыттамалық бұрма ауыстыру жұмысы кестеге сай өткізілді. Мұның алдында 16-бекеттегі бағыттамалық бұрманы ауыстырсақ, енді бір-екі күнде Бөрітаскен мен Жайылма бекеттеріндегі бағыттамалық бұрмаларды ауыстыруға да тапсырыс алып, дайындық жұмысын жасап жатырмыз, – деді Қызылорда қалпына келтіру пойызының бастығы Берік Әбжаппаров.

Қалпына келтіру пойызының шебері Нұртан Ақбалаев жұмыс барысында кран машинисті Қайрат Баданов пен Мейрамбек Құламетов, кран машинистінің көмекшісі Нұрлан Есенәлиев, электростанция машинисі Александр Воропаев, бульдозер машинисті Дархан Нұржанов пен Дәулет Балмановтардың жұмысын айрықша атап өтті.

Атқарылатын жұмыстың технологиялық талапқа сай жүргізілуін Қызылорда жол дистанциясы бастығының орынбасары Батыр Мамедалиев бастаған жолшылар бақылады.

Суретті түсірген автор

ОТЫН РЕСУРСЫ ҮНЕМДЕЛГЕН

Ардақ ЕРУБАЕВА,
Ақтөбе



АЙМАҚ

«ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС «Батыс» филиалының Ақтөбе, Орал бөлімшелері биылғы жылдың алғашқы жартыжылдығын жоғары көрсеткіштермен қорытындылады.

Өткен алты айда 8 млн 873 мың 302 тонна жүк тиелді. Оның ішінде «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасы бойынша 694 мың 355 тонна жүк жөнелтілген. Әсіресе, Ақтөбе-Қандыағаш, Қандыағаш-Сағыз учаскелеріндегі құрылыс жүктерін тиеу-түсіру көлемі 30 пайызға артып отыр. Жүк айналымының жоспары 103,5%-ға орындалып, жалпы, жүк айналымы алты айлық қорытынды бойынша 5,9%-ға өскен. Батыс аймақ бойынша тасымалдау процесіне байланысты қызметкерлердің еңбек өнімділігі 122,6 пайызға орындалды.

«Өткен жылмен салыстырғанда пойыздарда отын-энергетикалық ресурстарды тұтыну бойынша үнем бар. Дизель отыны осы ай ішінде 3,13% үнемделген», – деді техникалық бөлімнің жетекші инженері Әлия Абдуллина.

Тоғыз жолдың торабында, қолайлы географиялық аймақта жатқан Батыс темір жолы өтетін көлік дәліздерінің транзиттік әлеуетін дамыту жұмыстары жалғасуда.

ҚАУІПСІЗДІКТІ САҚТАУ – ОРТАҚ МІНДЕТ

Шахидә ЖҰМАН,
Маңғыстау



АЙЛЫҚ

«ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС Маңғыстау қосалқы бөлімі бойынша өткен алты айда қозғалыс қауіпсіздігінің бұзылу жағдайына жол берілген жоқ.

15 маусымнан 15 шілдеге дейін жарияланған қауіпсіздік айлығы аясында бірқатар іс-шараның өтуі жоспарланған. Аймақтық және желілік мекеме басшылары станция, локомотив және вагон деполарында кезектен тыс тексерістер жүргізіп жатыр. Мекеме басшылары Бейнеу, Маңғыстау, Шетте, Өзен, Болашақ станцияларында, Маңғыстау депосында және Бейнеу айналым депосында, техникалық қызмет көрсету пункттерінде тексерістер мен техникалық сабақтар өткізуде.

– Қауіпсіздікті сақтау – бәрімізге ортақ міндет. «Темір жол – қауіптілігі жоғары аймақ» айлығы аясында көліктік бақылау комитеті, желілік полиция өкілдерімен бірлесіп 13 станцияда темір жол маңында жергілікті халыққа, мектептерде, колледждерде адамдарды басып кету, жарақаттау және сол сияқты жағдайлардың алдын алуға бағытталған түсіндіру жұмыстарын өткіздік, – дейді Маңғыстау қосалқы бөлімінің қозғалыс қауіпсіздігі қызметінің бас маманы Асхат Шарапатдинов.

Сонымен қатар, қозғалыс қауіпсіздігінің сақталуына үлес қосып, жылжымалы құрамнан түрлі ақаулықтарды анықтап жүргендердің еңбегін әділ бағалау да естен шығарылмайды. Осы жарты жыл ішінде 8 вагон қараушы мен 1 локомотив бригадасының еңбегі ескеріліп, марапатқа ұсынылған.

ОБЛЫСТЫҚ КОЭФФИЦИЕНТ: ТИІМДІЛІГІ НЕДЕ?

«ҚТЖ» ҰК» АҚ 2022 жылдың 1 шілдесінен бастап еңбекақы төлеуде өңірлік «учаскелік» коэффициенттен «облыстыққа» кезең-кезеңімен көшуді бастады. Осы кезге дейін тарихи қалыптасып кеткен өңірлік коэффициент қолданылып келді. Енді, облыстық коэффициент жұмысшылар жалақысына қалай әсер етеді, тиімділігі неде деген мәселелерге жан-жақты түсінік берейік.

Әсел ШАЙХЫНОВА,
Нұр-Сұлтан

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Аппарат басшысы Серік Жеткергенұлы Кеулімжаевтың айтуынша, ұлттық тасымалдаушы жұмысшылардың әл-ауқатын арттыруға және еңбек жағдайларын жақсартуға ерекше назар аударады.

– Еліміздің ең ірі жұмыс берушісі ретінде, 113 мың адамдық ұжымы бар ҚТЖ үшін басты құндылық қызметкерлер және олардың әл-ауқатын арттыру болып табылады. Бұл ретте еңбекақы төлеу мәселелері компанияның қаржылық жағдайымен тікелей байланысты екенін атап өткім келеді. Еңбекақы төлеу қоры «ҚТЖ» ҰК» АҚ шығыстарының құрылымында шамамен 34% құрап отыр, – деп атап көрсетті Серік Кеулімжаев.

Компанияның қаржылық мүмкіндіктерін ескере отырып, «ҚТЖ» ҰК» АҚ 2022 жылғы 1 шілдеден бастап еңбекақы төлеудегі тарихи қалыптасқан «учаскелік» өңірлік коэффициенттен облыстыққа кезең-кезеңімен көшуді бастады (бұл – бір облыс ішіндегі бірыңғай өңірлік коэффициент).

Айта кетейік, өңірлік коэффициент – бұл жұмыс істейтін өңіріне байланысты қызметкердің айлық тарифтік мөлшерлемесін есептеу кезінде қолданылатын коэффициент. Бұл ретте, әрбір «облыстық» коэффициент облыста қолданылатын «учаскелік» өңірлік коэффициенттің ең жоғарғысы ретінде айқындалған.

Кезең-кезеңімен ауысады

2022 жылдың 5 айындағы жұмыс қорытындысы бойынша өндірістік персонал жалақысының деңгейі 2021 жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда 41% және жалпы еліміз бойынша орташа айлық жалақыға 16% арттыруға мүмкіндік берген қызметкерлер жалақысын арттыру бойынша бұрын жүргізілген іс-шараларға тоқталайық.

– Бұл деңгейге бірнеше іс-шара есебінен қол жеткізілгенін атап өткім келеді. Тарқатып айтқанда екі рет: 2021 жылғы 1 қаңтардан 10% және 1 шілдеден тағы 10% өсті. Сондай-ақ, 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап тарифтік мөлшерлемелердің бір жолғы көтерілуі орын алды – разрядтар тобына байланысты сараланды. Мысалы, 2-ден 9-ға дейінгі разряды барларға 40 мың теңгеге, 10-нан 13-ке дейінгілердікі 35 мыңға, 14-тен 19-ға дейінгі разрядтағылардыкі 30 мыңға белгіленген өсім жүзеге асты. Ал 20-дан 22-ге дейінгі разряды бар қызметкерлерге жалақы көтерілмеді. Нәтижесінде, ең аз разрядтары бар жұмысшылар үшін пайыздық мөлшерлемеді жалақының ең көп өсімі болды. Осы мақсаттарға компания 2021 жылы шамамен 63 млрд теңге және 2022 жылы 70 млрд теңге бағыттады. Жалақыны көтеруді қаржыландыру көзі ҚТЖ-ның ең қаражаты есебінен екенін атап өткім келеді, – деді «ҚТЖ» ҰК» АҚ Аппарат басшысы.

Айта кету керек, негізгі өндірістік персонал қызметкерлерінің жалақысы 2013 жылдан бері айтарлықтай өскен жоқ.

Қазір «облыстық» коэффициентке бір

мезгілде көшу үшін 22 млрд теңгеден астам қосымша еңбекақы төлеу қоры қажет. Өкінішке қарай, ағымдағы жылы компания шамамен 35,4 млрд теңге мөлшерінде шығын көреді деп күтілуде. Компанияда облыстық коэффициентке біржола ауысу үшін жеткілікті қаражат жоқ болғандықтан, 6 ай аралықпен және 2024 жылғы 1 қаңтардан кешіктірмей аяқтай отырып, «облыстық» коэффициентке кезең-кезеңімен көшуді бастау туралы шешім қабылданды.

Теміржолшылар жалақысы қаншаға өседі?

– «Облыстық» коэффициентке көшудің мәні түсінікті болуы үшін, ең алдымен, «учаскелік» коэффициент облыстарға емес, теміржол учаскелеріне, станцияларға, басып озу пункттеріне байланып отырып өткім келеді. Еліміздің жекелеген өңірлерінде олардың бірі облыста төртке дейін жетеді. Сондықтан «учаскелік» коэффициенттен «облыстыққа» көшу бір облыс ішінде бірыңғай өңірлік коэффициентті қамтамасыз етеді. Бұл қызметкерлердің бірдей лауазымдары бойынша жалақы дең-



гейіндегі айырмашылықты болдырмайды, – деп атап өтті ол.

Бір облыс ішіндегі өңірлік коэффициент кезең-кезеңімен облыстың ең жоғары қолданыстағы «учаскелік» коэффициент деңгейіне дейін артады. Түсінікті болу үшін Қарағанды облысы бойынша «облыстық» коэффициентке көшуді қарастырайық. Осы облыста бүгінгі күні екі «учаскелік» коэффициент: 1,15; 1,25 қолданылады. Бірыңғай «облыстық» коэффициентке көшудің барлық кездері аяқталғаннан кейін Қарағанды облысының барлық аумағы бойынша қолданыстағы ең жоғары 1,25 коэффициенті белгіленетін болады.

«Облыстық» коэффициентке көшу барлық қызметкерлер үшін бірыңғай базалық тарифтік ставкасы белгілеуге және қолданыстағы «учаскелік» коэффициенттің деңгейіне байланысты қызметкерлердің жалақысын арттыруға мүмкіндік береді. Тиісінше, ең аз қолданыстағы «учаскелік» коэффициент қолданылған облыс учаскелерінде жалақының едәуір өсімі болады.

Облыстық коэффициентке көшу – компанияның қаржылық мүмкіндіктері болған

жағдайда жүзеге асырылатын, инфляция коэффициентіне тарифтік мөлшерлемелерді жыл сайынғы индекстеуден бөлек жүзеге асырылатын болады, – деді Серік Кеулімжаев.

Бұл ұзақ және қиын жол болды

«Облыстық» коэффициентке көшу туралы кешенді және жауапты шешім қабылдау үшін компания уәкілетті органдармен бірлескен комиссия құрды. Оның құрамына Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің, Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің, Табиғи монополияларды реттеу комитетінің, Ұлттық экономика министрлігінің, «Самұрық-Қазына» АҚ-ның, сондай-ақ Орталық, өңірлік кәсіподақтар мен жұмыс ұжымдарының өкілдері кірді.

– Жоғарыда атап өткенімдей, комиссияда ағымдағы жылы компания шамамен 35 млрд теңге мөлшерінде шығын көретіндігі көлденең тартылды. Шығын бірнеше себептерге: ҚТЖ жүк айналымына теріс әсер ететін әлемдегі геосаяси жағдайға; материалдар бағасының айтарлықтай өсіп кетуіне; 2021 мен 2022 жылдарғы жалақы өсіміне байланысты. Бұл ретте, «облыстық» коэффициентке бір мезгілде көшу үшін 22 млрд теңгеден астам қосымша еңбекақы төлеу қоры қажет, – деп бөлісті ол.

Қосымша ақылар мен үстем-ақылар мөлшері

Облыстық коэффициентке кезең-кезеңімен көшу ағымдағы жылдың 1 шілдесінен басталады, сондықтан шілде айындағы жалақы бірінші кезеңнің «облыстық» коэффициентін ескере отырып есептеледі. Қосымша ақылар мен үстем-ақылар бірыңғай базалық тарифтік ставкасы мен «облыстық» коэффициент негізінде есептелетін тарифтік ставкасына байланысты болады. Осылайша «облыстық» коэффициентке ауысқан кезде қызметкерлердің тарифтік ставка мөлшері ұлғаяды. Тиісінше, қосымша ақылар мен жәрдемақылардың мөлшері пропорционалды түрде артады.

Бұл ретте, өзгерістер өңірлердегі еңбекақы төлеудің тарифтік жүйесіндегі әкімшілік және өндірістік персоналдың қызметкерлеріне қатысты болады.

Егер сұрақтар туындаса

Түсіндіру жұмыстарын егежей-тегжейлі жүргізу үшін ағымдағы жылдың 11 шілдесінен бастап үш қолдау желісі бар CALL-орталық құрылды. Бірінші желі – жұмыс орны бойынша еңбекақы төлеу мәселелері жөніндегі мамандар. Сондай-ақ филиалдар мен еншілес ұйымдардың корпоративтік орталықтары және компанияның орталық аппараты деңгейінде тағы екі қосымша қолдау желісі жұмыс істейді.

Бұдан басқа, түсіндіру жұмыстарын сапалы жүргізу үшін «облыстық» өңірлік коэффициенттер тақырыбына қатысты қызметкерлер тарапынан жиі қойылатын сұрақтарына жауаптар жинағы әзірленіп, олармен жұмыс орындарында еңбекақы төлеу мәселелері бойынша мамандар арқылы таныса алады.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

СЕРПІНДІ ЖОБАЛАР СӨЗ БОЛДЫ



КЕЗДЕСУ

Өткен аптада жаңадан құрылған Абай облысына «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-ның бірқатар басшылары арнайы жұмыс сапарымен келген болатын. Мәртебелі меймандар Семей ЖТ бөлімшесінде де болып, теміржолшылармен жүздесті.

Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей

Жергілікті теміржолшылар алдында сөз алған «Самұрық-Қазына» АҚ-ның қоғаммен байланыс, әлеуметтік-еңбек қатынастары және еңбекті қорғау жөніндегі басқарушы директоры Фибрат Ауғанов Абай облысының қайтадан құрылуымен алдағы уақытта жаңа міндеттемелер туындап отырғанын жеткізді. Яғни, қордың қолға алуымен Абай облысында үлкен өзгерістер орын алатын болады.

Сонымен қатар, әл-ауқат қорының ықпалымен Семей жерінде елеулі жұмыстар атқарылғанын да тілге тиек етті.

– Әйтсе де, біз үшін ең басты құндылық – адамның өмірі. Сондықтан да биылғы 2022 жыл «Самұрық-Қазына» қоры мен оған кіретін компанияларда «Еңбек қауіпсіздігін қорғау» жылы болып жарияланды. Өндіріс орындарында жарақат алу фактілерін азайтуға бағытталған шаралар жемісін беріп, 2019-2021 жылдары



аралығында 36 пайызға төмендеді. Алайда, біздің басты мақсатымыз – нөлдік көрсеткішке қол жеткізу, – деп атап өткен Фибрат Қайратұлы «Самұрық-Қазына» компаниялар тобында еңбек ететін әрбір адам қауіпсіздік мәдениетін берік ұстануы тиіс екендігін баса айтты.

Фибрат Ауғанов сонымен қатар Қорда жүзеге асырылып жатқан жобалар мен олардың нәтижелері туралы да сөз етті. Бұл орайда әлеуметтік жауапкершілік күшейтілетінін, сондай-ақ, кәсіподақ мүшелерінің, жастар белсенділігін арттыру ісі кеңінен қолға алынып жатқанын жеткізді.

– Әсіресе, жастарға ерекше назар аударылатын болады. Олар үшін арнайы кездесулер, форумдар мен марафондар ұйымдастырылмақ. Қорға қарасты компанияларда 35 жасқа дейінгі 92 мыңның үстінде жастар бар. Бұл орайда келешекте жастар кеңесін құру да жоспарда тұр, – деді Фибрат Қайратұлы.

Кездесу барысында сондай-ақ аймақтардағы әлеуметтік жобалар да сөз болды. Соңғы бес жылда қазіргі Абай елінде 760 млн теңге жұмсалған 9 жоба жүзеге асырылыпты. Мұндай шаралар алдағы кезде жалғасып, Қор облыс әкімдігімен екіжақты

меморандум жасамақ.

Жиын барысында сөз алған Семей ЖТ бөлімшесінің басшысы Владимир Бабиченко аймақтағы сала жұмысымен таныстырып өтті. Ресейдің Батыс Сібір бөлімшесінен келетін жүк пойыздарының саны ай сайын артып келе жатқанын, жалпы Семей өңірінің транзиттік потенциалы аса жоғары екенін жеткізді. Сонымен қатар, еліміз бойынша үшінші теміржол желісі саналмақ Бақты-Аягөз жобасына да тоқталды. Алдағы уақытта бөлімше басшысының төрағалығымен жұмыс тобы құрылып, екі ел шекарасындағы 270 шақырымды «жаяу» жүріп өту жоспарлануда екен. Осыған дейін Дегелең-Ақсу, Шар-Өскемен теміржол тораптарын салуға қатысқан семейлік теміржолшылардың станциялар мен жол айрықтарын ұйымдастыруда мол тәжірибесі бар. Оның үстіне жаңа облысқа жаңа серпін беретін жобадан күтілетін үміт көп екенін жеткізген бөлімше басшысы сонымен қатар Президент басшылық беріп отырған ұлттық компанияның трансформациясы жайында да пікір білдіріп өтті.

Кездесу барысында теміржолшылар Қор өкілдеріне Семей сынақ полигоны аумағында тұратын теміржолшылар үшін берілетін экологиялық өтемақы мен демалыс, еңбекті қорғау, ұжымдық сауат, басқа да өздерін толандыратын шаралардың қойып, тиісті жауап алды.

Суретті түсірген автор

HR-ТРЕНДЫ КТЖ – ВДОХНОВИТЬ КОМАНДУ НА УСПЕХ



ТРАНСФОРМАЦИЯ

Асель ШАЙХИНОВА,
Нур-Султан

Железнодорожники отмечают, что HR-блок компании провел глобальную стратегическую работу по организации в новом формате HR-академии. При этом нынешняя академия значительно отличается от предыдущих.

– Главный смысл в том, что корпоративная HR-академия создана нами на основе собственных запросов бизнеса, собственных проблем, собственных целей, что говорит об уровне зрелости и возможностях компании. Академия по контенту кастомизирована исключительно под КТЖ. Мы выделили наши насущные проблемы, которые знаем, понимаем и ищем системное решение. Второй момент: мы составили программу так, что она состоит из двух частей – хардовой и софтовой. (хардовая – профессиональные компетенции, софтовая – личностно-деловые). Раньше HR-работники в основном обучались профессиональным навыкам, а софтовым – мало, – рассказывает директор департамента управления человеческими ресурсами АО «НК «КТЖ» Сауле Истлеева.

К тому же ранее сотрудникам очень не хватало живого формата обучения и общения с коллегами из корпоративного центра и тренерским составом. Участники обучения отмечают, что им было очень приятно, что HR-руководители головных предприятий (ГП, ЦЖС, ПП,

удалось снять барьеры между подразделениями, между центром и регионами и в самих регионах. Все слушатели получили помимо позитивных эмоций новые социальные связи, лучшие практики, «заглянули за горизонт».

– Во время обучения выяснилось, что у нас есть одинаковые проблемы, а решения разные. Тогда как решения должны быть типичными и комплексными. Например, был случай на тренинге «Кадровое администрирование», когда начали обсуждать процесс наложения дисциплинарных взысканий. Наш внутренний тренер Аяжан Баймаканқызы подробно рассказала, как это делать, а кто-то из зала спросил: «А куда девалась в ваших процессах дисциплинарная комиссия?». Мы были удивлены тем, что в реальных предприятиях до сих пор реализуют давно устаревшие и отмененные в КТЖ практики. Тут же, на месте, эта проблема была решена, – продолжает Сауле Истлеева.

Еще одна большая выгода нашей корпоративной HR-академии – появилась основа, «скелет» программы обучения, который можно наложить на любую другую профессиональную функцию – производственную, экономическую, юридическую, финансово-экономическую и другие. Сауле Машуровна уверена, такой комбинированный подход в обучении будет очень полезен и интересен всем блокам и подразделениям компании.

Третья выгода – программа

трениры. Это те люди, которые находятся в рамках железнодорожного профиля компетенций, которые изнутри знают, что такое цифровые навыки, эмоциональный интеллект, управление конфликтами, внутренние коммуникации и другое.

ВАЖНЫ АТМОСФЕРА И НАСТРОЙ

Участники с первых минут обучения были вовлечены в атмосферу раскрепощенного общения. Для этого в первом модуле HR-академии был организован

и стрессоустойчивыми. Многие после обучения говорят: «Теперь мы поняли, насколько многое от нас зависит». Они признались, что стали более открытыми к диалогу, и даже повысилась их личная планка самооценки: «Я как HR помогаю бизнесу в развитии». Дело в том, что запросы бизнеса теперь лежат в совершенно другой плоскости – аналитики и прогнозирования, управления рисками и вовлеченностью, культуре безопасности и ответственности. HR перестал



своего рода коворкинг-центр, творческая среда.

Здесь в неформальном общении руководители и сотрудники, выполняя практические задания, учились вместе обсуждать проблемы и находить пути решения, поддерживать обратную связь. В непринужденной форме обсуждались нововведения по оплате труда, автоматизация процесса рекрутинга, подходы к планированию расходов на персонал, формы коммуникации с короткими и удобными памятками.

В такой же непринужденной форме проходили и субботние онлайн-тренинги (второй модуль HR-академии). Многим запомнилась HR-аналитика от ведущего эксперта в этой новой области Ирины Зубовой. Она на реальных кейсах показала, как внедряли HR-аналитику другие ведущие компании, поделилась практиками, которые уже проверены временем.

– Если еще 10 лет назад HR поголовно были отделами кадров и основным направлением работы была административная поддержка сотрудников, то сейчас все иначе, – делится Сауле Истлеева.

Сегодня HR-специалисты должны уметь многое – оказывать качественную и своевременную сервисную функцию кадрового администрирования, внедрять и продвигать изменения, развивать корпоративную культуру, повышать эффективность работников через конкурсный отбор, оценку компетенций, обучение, мотивацию, что в итоге помогает обеспечить социальную стабильность, достичь стратегических целей компании, разрешить трудовые конфликты.

При этом нужно быть эмоционально-интеллектуаль-

нести в себе сугубо административные функции, а трансформировался под запросы бизнеса.

СМОТРЕТЬ ФИЛЬМЫ ПО-ДРУГОМУ

По мнению Сауле Истлеевой, есть много фильмов про HR. Во время обучения она порекомендовала всем посмотреть несколько фильмов и задуматься, о чем они на самом деле.

– Надо внимательно присмотреться ко многим фильмам. Например, фильм «Мимино». Про что он? Он же тоже про HR! И «Афоня», и «Служебный роман», и «Кадры», и «Стажер» и многие другие фильмы. Вот, к примеру, почему главный герой из «Мимино» ушел со своей уютной работы и захотел летать на большом лайнере? Несмотря на то что он из глубинки, все равно поехал реализовывать свою мечту в Москву, потому что появилась мотивация, цель – соответствовать стюардессе Ларисе Ивановне, – делится своим видением Сауле Машуровна.

ОСНОВНОЙ ПОСЫЛ В ОБУЧЕНИИ

Главный посыл обучения – вовлеченность каждого в постоянное развитие своих компетенций. Сауле Истлеева считает, что самое страшное и губительное для любой компании – это невовлеченность сотрудников в интересы и цели бизнеса. Ведь все усилия компании могут разбиться о недопонимание друг друга, безучастность в развитии бизнеса, недооценку своей роли и компетенции.

– Развитие компетенций через призму вовлеченности дает синергетический эффект как лично для работника, так и для отрасли в целом. И это тоже входит в зону ответственности HR, – резюмирует она.

Фото Александра ЖАБЧУКА

БЕСПЕЧНОСТЬ – ЗЛО С ПОСЛЕДСТВИЯМИ

Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алматы



БЕСОПАСНОСТЬ

На участках Алматинской дистанции пути с начала года зафиксирован 21 случай экстренных торможений, из них два случая с наездом.



В связи с этим в регионе железнодорожниками выполняется комплекс организационно-технических мероприятий, в том числе 12 писем направлено в адрес местных исполнительных органов Жамбылского, Карасайского, Илийского районов Алматинской области на тему «Железная дорога – зона повышенной опасности». На наиболее подверженных экстренным торможениям участках проведено шесть рейдов совместно с сотрудниками ЛУП на станции Алматы-1.

В феврале текущего года путейцы приняли участие в программе телеканала «Жетысу». Они рассказали о правилах личной безопасности и поведении в зоне железнодорожного полотна.

– За безопасность чаще всего подростки расплачиваются собственным здоровьем, а то и жизнью, переходя пути в неустановленном месте и перед близко идущим поездом в наушниках или с мобильным телефоном в руках, – говорит начальник Алматинской дистанции пути Джанболат Амиров.

Стоит отметить, что причиной происшествий на железнодорожных переездах, как правило, является крайне низкая транспортная дисциплина водителей автомобилей. Локомотивным бригадам приходится применять в последние секунды экстренное торможение, чтобы сбросить скорость и предотвратить наезд.

Тревожной остается ситуация с наездами на скот. Только с начала года на участках Алматинской дистанции пути применено 13 экстренных торможений, из них с наездом – 8. Наибольшее количество происшествий фиксируется на участках Копа – Жирен-Айтыр, Жирен-Айтыр – Казыбек бек, Аксенгир – Бурундай, Кулантобе – Коскудук, Жетыген – Кайрат, Чильбастау – Отар, где столкновение или экстренное торможение во избежание наезда может привести к сходу вагонов, причинению вреда здоровью людей, повреждению подвижного состава, а также создает угрозу для окружающей среды. И хотя с фермерскими и крестьянскими хозяйствами идет планомерная работа, все же еще имеет место нерадивое и беспечное отношение скотовладельцев, которые систематически нарушают правила выпаса и прогона животных.

Фото автора



КДТС, КТТ, КТЖЭ, ПЛ и т. д.) от начала до конца были с ними на протяжении всего обучения.

– Для меня было важно прочувствовать настроение и оценить потенциал коллег. В этот раз впервые мы собрали не только руководителей HR-служб, но и руководителей отделов труда и заработной платы регионального уровня – ключевых сотрудников, реализующих кадровую стратегию компании на местах. Они были особенно рады профильному обучению, почувствовали себя сопричастными к функции HR, – делится Сауле Истлеева.


ВЫГОДЫ ДЛЯ КОМПАНИИ
Одна из главных прямых выгод такого подхода для компании – это то, что благодаря HR-академии

обучения имеет прикладной характер. По ее завершении были даны кейсы, упражнения и задачи, которые участники академии решили и презентовали друг другу. Все они «прокачались» не только теоретически, но и практически.

Также достигнута еще одна важная цель – вовлечение людей в управление изменениями. Ведь сейчас и HR-процессы меняются, и сам бизнес. Много проектов трансформации внедряется, полным ходом идет цифровизация. И именно HR-специалисты являются лидерами в продвижении изменений.

К слову, такое обучение очень экономно, потому что софтовую часть преподавали внутренние

ВАГОННИКИ ГОТОВЯТСЯ К ЗИМЕ



В ТРУДОВОМ РИТМЕ

Ольга УШАКОВА,
Усть-Каменогорск

По информации инженера-технолога ВЧД-24 Эльмиры Капаровой, руководство предприятия еще в середине июня издало соответствующий приказ, который предусмотрел создание штаба, в чьи обязанности входит контроль за полным и качественным выполнением плана мероприятий, обеспечение качественной подготовки подвижного состава, котельных и теплосетей производственных зданий, сооружений

к работе в зимний период. Задачи штаба включают также планирование потребности и контроль над созданием необходимых запасов, угля, запасных частей, обеспечением работников спецодеждой и спецобувью.

В период подготовки к зиме по депо организуют выезды на линию для проверки линейных ПТО, КПТО по вопросам качества подготовки к работе в зимних условиях, обращая особое внимание на трудовую дисциплину, обучение кадров, особенно первозимников, техническое состояние компрессорных станций,

подготовку котельных, теплосетей служебно-технических объектов.

Сам план мероприятий составляет более десятка пунктов. Помимо создания неснижаемого запаса материалов и запчастей, обеспечения твердым топливом, зимней спецодеждой и спецобувью, ремонта зданий, кранов, технического ремонта и технического обслуживания устройств УЗОТ-РМ, он предусматривает проверку знаний осмотрщиков вагонов и слесарей по ремонту подвижного состава, проведение конференции по работе и обслуживанию автотормозного обо-



дования в зимних условиях – в срок до 15 октября. Также в план мероприятий входит обучение новичков, проведение совместных совещаний работников вагонного и локомотивного хозяйств по работе и обслуживанию автотормозов в зимний период – до 1 октября.

– Мы уже отправили КПТО и ПТО приказ и план мероприятий. С июля,

не позднее 28 числа, уже будем отчитываться ежемесячно в Семейское отделение грузовых перевозок, в том числе на основе информации, полученной от наших линейных подразделений, – сообщила Эльмира Капарова. – В целом мы должны подготовиться к зиме до 10 октября.

Фото автора

№54 (2769) 19/07/2022

ГЛАВНАЯ НАГРАДА – СМЕХ



Самые веселые и находчивые железнодорожники Казахстана на минувшей неделе встретились в столице на первом Фестивале КВН за Кубок председателя правления АО «НК «КТЖ», приуроченном к 25-летию компании. Игра не обманула ожиданий жюри и зрителей, став настоящим праздником юмора и артистических талантов.



За главный трофей сразились восемь команд из разных регионов страны: «Коста Браво» (филиал АО «КТЗ Северный», Костанай), «QuzyIOrda» (НОДГП Кызылорда), «Активированный уголь» (НОДГП Караганда), «Маңғыстау.kz» (сборная Мангистауского региона), «Алаш» (Семейский регион), «New Port» (ТОО «Порт Курык»), «Батыс» (РФ «Западный» АО «Пассажирские перевозки», Актобе) и «Сборная ТТС» (АО «Транстелеком», Нур-Султан).

Организатором масштабного мероприятия выступил департамент социальной политики АО «НК «КТЖ».

В КТЖ существует своя лига КВН, которой в этом году исполняется 10 лет. Каждый год мы наблюдаем интерес молодежи компании к этому мероприятию и растущий уровень команд, – отметил в приветственном слове ведущий фестиваля – менеджер департамента социальной политики Ержан Жаналиев.

В состав жюри под председательством руководителя аппарата АО «НК «КТЖ» Серика Кеулимажаева вошли главный инженер ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» Марлен Кокрекбаев, директор

Многофункционального центра обслуживания Мадияр Султанбек, руководитель департамента кадрового администрирования Аяужан Баймаканкызы и департамента по работе со СМИ Кирилл Волков, а также приглашенный гость – директор филиала Астана лиги «Жайдарман» Жүсіпжан Жамаш.

В мажоритетном административном здании нацкомпании в этот вечер собрались коллеги, друзья и близкие участников. Они образовали настоящие группы поддержки – с плакатами, кричалками и отличительными атрибутами. Тон мероприятия задали и главные герои вечера – выступающие команды. Так как КВН, которой в этом году исполняется 10 лет, каждый год мы наблюдаем интерес молодежи компании к этому мероприятию и растущий уровень команд, – отметил в приветственном слове ведущий фестиваля – менеджер департамента социальной политики Ержан Жаналиев.

В состав жюри под председательством руководителя аппарата АО «НК «КТЖ» Серика Кеулимажаева вошли главный инженер ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» Марлен Кокрекбаев, директор



обывденные ситуации и яркими миниатюрами выступление ребят из Костаная: прием на работу, песня про контейнеры и знакомые всем нюансы Zoom-совещаний сопровождалась шквалом эмоций. Команда Караганды представила ситуацию, как рыбы сдают экзамен по истории Казахстана. Случай на рыбалке с колоритной Русалкой показали работники порта Курык. «Маңғыстау.kz» весело обыграли случай в парикмахерской, а также быт русской келин в казахской семье. Стильно и весело выступила команда «Транстелеком», показав миниатюры про ГАИ, интеллектуальную игру «Самый умный путеец» и семью провод-

ников. Пожалуй, лучше всех тему путешествий на поездах в своем выступлении раскрыла команда «Батыс», вызвав смех зрителей. Лиричным и веселым стало выступление команды с родины Абая Кунанбаева – Семья.

По завершении выступлений перед жюри встал сложный выбор. Паузу подсчета голосов заполнил конкурс «Разминка», во время которого команды пообщались со зрителями и продемонстрировали талант импровизации.

– Игра пролетела незаметно. Шутки были действительно классные. Выбрать лучших оказалось крайне сложно, потому что у всех были шикарные номера, тем не

менее, это соревнование, и кто-то должен победить, – сказал в заключительной речи Мадияр Султанбек.

По мнению жюри, лучшей стала команда Семейского региона «Алаш». Именно она получила заветный Кубок председателя правления АО «НК «КТЖ» и вписала свое имя в историю отраслевого КВНа. Второе место заняла «Сборная ТТС», третье – «Батыс» регионального филиала «Западный» АО «Пассажирские перевозки».

– Мы очень рады победе на таком высоком уровне. К этой цели мы шли годами. Наша команда существует с 2010 года. Бывали у нас и призовые места, и Гран-при, но такой значимый Кубок мы выиграли впервые. Хотим поблагодарить руководителя нашего отделения ГП Владимира Бабиченко за всемерную поддержку, – поделился эмоциями регулировщик скорости движения

вагонов станции Семей Адлет Адаханов. – Все наши участники из разных структур, но мы стараемся находить время на подготовку. Как и в любом деле, главное – желание и упорство, тогда результаты не заставят себя ждать.

Отдельную номинацию организаторы предусмотрели и для самого артистичного и талантливого участника фестиваля – им стал представитель Карагандинского региона, 24-летний помощник машиниста депо Акадыр Ануар Тажиханов.

Все победители и призеры получили дипломы и памятные призы.

Вот таким ярким событием отметился сезон КВН в год 25-летия образования АО «НК «КТЖ». Впереди предстоит немало других интересных мероприятий, которые помогут раскрыть новые грани талантов железнодорожников.

Любовь РОВБА
Фото Александра ЖАБЧУКА

Спорт

ТУРНИР МӘРЕГЕ ЖЕТТІ

Жексенбі күні Магистральдық желі дирекциясына қарасты құрылымдық бөлімшелер арасында Көлік қызметкерлері күні қарсаңында ұйымдастырылып, «КТЖ» ҰК АҚ-ның 25 жылдығы мен «Қазкөліккәсіп» ҚБ 30 жылдығына арналған шағын футбол турнирі аяқталды.



Дирекцияның құрылымдық бөлімшелерінен барлығы 9 команда қатысқан ойын іріктеле келе, финалға 4 команда шықты. Жол және құрылыс департаменті мен «Нұрлы жол» темір жол вокзалы кешені командаларының сайысында жолшылар мерейі үстем болды.

Келесі кезекте дирекцияның қаржыгерлері мен заңгерлері арасында бірінші орынға таласқан тартысты ойын болды. Екі команда футболшылары да осал емес екендігін танытып, жеңісті қолдан бермеуге барын салып бақты. Екі жақтың тайталасы бітпесін билген тәуелсіз төреші таяп қалған уақыттың соңғы минуттарын пенальтиге арнап, сол арқылы жеңімпазды анықтауға шешім қабылдады. Бұл енді шешуші кезең еді. Заңгерлер қаржыгерлер командасына бір гол салса, қарсыластар дереу ұпайды

теңестірді. Осылайша, алма-кезек гол салу жалғасып жатты. Ертелі-кеш біреуінің қателікке ұрынарын билетін жанкүйерлер демдерін ішке тартып, аңдысын аңдып отырды. Бір мезет... иә, көпшілік күткен қателікке қаржыгерлер командасының ойыншысы ұрынды. Ол тепкен доп қақпаға кірмей, қақпаның жоғарғы тіреуіне тиді. Сонымен ойын нәтижесі бойынша 1-орынды дирекцияның заңгерлер командасы қанжығасына байлап, ауыспалы Кубоктың иегері болса, екінші орынды қаржы, инвестициялық жоспарлау және техникалық даму департаменттерінің қызметкерлерінен құраған команда еншіледі. Ал үшінші орын Жол және құрылыс департаментінің командасына бұйырды. Барлық жеңімпаз командалар грамоталармен және медальдармен



марапатталды. Сондай-ақ, «Үздік қақпашы» аталымы бойынша Бақыт Сүлейменов (ЦФК), ал «Үздік қорғаушы» болып Бағдат Әбілқасымов (ЦП) танылса, қақпаға көп гол салған «Үздік шабуылшы» ретінде Асхат Шопайы (ЛЖС) анықталды. Оларға құрмет грамоталарымен қатар француз үйіне сертификат табысталды.

«КТЖ» ҰК АҚ «Магист-

ральдық желі дирекциясы» филиалы директорының вокзал шаруашылығы жөніндегі орынбасары Абай Досанов мұндай спорттық жарыстар салауатты өмір салтын ұстанумен қатар дирекция қызметкерлері арасында корпоративтік рухты нығайтып, достастықты күшейтетінін жеткізді.

Сұлғұл БАКЕСОВА
Суреттерді түсірген автор

МАШАТҚА ЕКІНШІ ТОП АТТАНДЫ

Ұлттық компания үшін теміржолшылардың балалары жазғы демалысын тиімді өткізуі маңызды. Биыл кәсіподақ ұйымдарының басшылығымен балалар жазғы лагерьлерде демалуда.

Қызылордада осыған дейін балалардың алғашқы легін Машат лагеріне апарып келген кәсіподақ өкілдері келесі топпен тағы да 50 баланы лагерьге алып кетті.

– Өткен жолы магистральдық желі бөлімшесіне қарасты мекемелерде еңбек ететін теміржолшылардың балалары барған болатын. Бұл жолы Жүк тасымалына қарасты Сексеуіл мен Түркістан станциялары арасындағы бекеттерде жұмыс жасайтын теміржолшылардың бүлдіршіндеріне жолдама берілді. Барлығы 50 бала, оларды сауықтыру орнына апаруға жауапты кәсіподақ ұйымының 5 қызметкері мен 1 медбике бөлінген. Бұл топ екі апта демалған соң алып қайтып, үшінші лекті аттандырамыз, – дейді «Қазкөліккәсіп»



ҚБ Қызылорда филиалының маманы Асылбек Мыңжасаров.
Азамат ҚҰЛЫМБЕТ, Қызылорда
Суретті түсірген автор



ВАЖНО ДЛЯ КАЖДОГО

Что делать, чтобы избежать конфликта? Как быть, если он уже возник? Эти вопросы обсудили на семинарах железнодорожники и члены Акмолинского филиала АО «Казпрофтранс».

В рамках празднования 30-летия профсоюза Акмолинским филиалом АО «Казпрофтранс» на станциях Новошымская, Кокшетау и Курорт-Боровое прошли семинары на темы «Жизненные кризисы и пути их преодоления» и «Конструктивные способы решения конфликтов в семье и на работе». В них приняли участие более 100 работников железнодорожных предприятий региона. По их словам, тема мирного разрешения вопросов очень актуальна, ведь зачастую конфликт происходит практически «на ровном месте».

– Спасибо за такой интересный семинар. После прохождения тестов появилось желание заглянуть в себя и решить, что нужно исправить, почва для размышления. Есть предложение в будущем при проведении таких семинаров приводить примеры разрешения вопросов, которые можно применять в нашей работе, – отметил плотник ТОО «Жана-Есиль Феникс» Николай Богатырев.

В ходе семинара железнодорожники узнали способы разрешения конфликтов. Эти знания они отработали на практике, выполняя различные задания. Вопросы, на которые отвечали железнодорожники, помогли узнать



не только мнения окружающих, но также лучше познать себя. Судя по их ответам, они многому научились.

– Семинар очень познавательный, обучающий, обсуждались актуальные вопросы. Для себя и про себя много узнали. Теперь можно даже протестировать детей и исправить какие-то моменты в их воспитании, – поделилась впечатлениями главный бухгалтер Акмолинского филиала АО «Казпрофтранс» Жанар Альмагамбетова.

К слову, это не первое мероприятие, организованное Акмолинским филиалом АО «Казпрофтранс». Такие встречи профсоюз проводит регулярно. На них обсуждаются различные темы, которые помогают железнодорожникам справляться с различными жизненными ситуациями.

Айлин БАУРЖАН, Кокшетау
Фото автора

АЛҒАШҚЫ ҮШТІК ҚАТАРЫНДА

ҚР Қарулы Күштерінің, Ұлттық қауіпсіздік қызметінің отыз жылдығына орай аудан әкімдігі өткізген шағын футбол сайысында теміржолшылар жеңіске жетіп, бастапқы үштікке енді.



Жарысқа Мұнайлы ауданында орналасқан түрлі мекемеден құралған он шақты команда қатысты. Солардың ішінде, кілең жауынгерлік даярлығы мықты ведомстволық командалар арасынан Маңғыстау темір жолының құрама командасы өзіндік ойынымен ерекшеленіп, қола жүлдені қанжығаға байлады. Маңғыстау вагон депосының ин-

женер-технологы Наурызбай Байтұрақов «Үздік қорғаушы» номинациясына ие болды.

– Спорттық шараны Мұнайлы ауданының әкімдігі ұйымдастырды. Аудан орталығында өткен сайысқа желілік полиция, ішкі істер бөлімі, өрт сөндіру қызметі, сот, ұлттық қауіпсіздік қызметі, қорғаныс бөлімі, салық басқармасы, әкімдік пен мәслихаттан жалпы он команда қатысты. Біздің жігіттер бірінші орынды әскери комиссариаттың, екінші орынды ішкі істер бөлімінің жігіттеріне беріп қойғаны болмаса, өте жақсы ойын көрсетті. Үшінші орын да жаман көрсеткіш емес. Жеңімпаздарды аудан әкімі арнайы марапаттады, – дейді Маңғыстау теміржолының спорт нұсқаушысы Нұрайна Қыдырова.

Айсұлтан АРМАН,
Маңғыстау
Суретті түсірген автор

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ

Бас редактор
Дина Муздубаева

Бас редактордың орынбасары
Меруерт Өмірзақова

ҚАЗКӨЛІККӘСІП

Газет басылатын қалалар:
Нур-Сұлтан, Сілеті 30
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Ақтөбе, Смағұл көш., 9/2.
«Хабар-Сервис» ЖШС
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22.
«ERNUR Print» ЖШС

Басылымның таралымы 11 340

Газет сейсенбі, жұма күндері шығады.

Газет шығару және тарату қызметімен «Қазақстандық салалық теміржол,

автомобиль, әуе және су келігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі айналысады. © «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдел басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.

Кезекші редакторлар:
Л. Ровба, С. Бакесова

Меншікті тілшілер:

Алматы: Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80
Атырау: Қосым Мұқашев 8-778-946-09-66
Шығыс Қазақстан: Ольга Ушакова 8-777-203-51-87
Маңғыстау: Шахиджа Құманова 8-707-886-72-45
Орал: Анна Панищева 8-707-910-74-17
Қызылорда: Сабиржан Нәдірбаев 8-778-409-78-59
Семей: Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53
Жамбыл: Ерман Әбдиев 8-777-682-70-73
Қарағанды: Светлана Могай 8-777-893-66-76
Қостанай: Аслан Құдабаев 8-705-267-44-00
Павлодар: Айдана Ертай 8-747-535-21-58
Ақтөбе: Ардақ Ерубеева 8-702-843-27-97

Редакцияның мекен-жайы:
Нур-Сұлтан қ., Д.Қонаев көшесі 6.
тел.: 8 (7172) 60-44-87, 60-44-88, 60-44-92

Газетті тарату жөніндегі менеджер
Асель Распаева,
тел.: 8 775 198 15 61,
e-mail: raspayeva.assel@mail.ru

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың 30 шілдесінде №601 тіркеу күәлігі берілді.